

Н ТУЫ

Қ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

26 март Сәрсенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

МТС-тердің колхоздармен жасасқан шарттары — за ол МТС-тердің жұмысын барлық жағынан жақсартуды жә әуылшаруашылық артельдерін ұйымдық-шаруашылық жағь нан барған сайын нығайта беруді қамтамасыз етеді. Сонды тан да колхоздармен жасасқан шартта алынған міндетт мелерді мерзімінде, жұмыстың түр-түрі бойынша сапал орындау—МТС қызметкерлерінің абройлы ісі.

Здардың

ң председателиері кол- н жасасқан шартының ан бақыламайды, жұмыс- онінде міндеттемені уа- апалы орындай алмаған ның жүзіне сыяды, олар- тетеді, сөйтіп, колхозға де зор зыян келтіреді. жылы колхоз басқарма- ң председателиері тара- і мұндай кемшіліктерге сөйтіп, шартта көрсетіл-

МТС-тің де, сондай-ак нсіз орындауы қамтама- сын.

Орталық Комитеті пле- да аталған қаулысында арының саяси жұмыс- сарлары МТС-тің жұмы-

МТС-тер мен колхоздар ара қарым-қатынас дү- тамасыз етуді көздеуге, ТС-тер жасасқан шарт- орындауын қадағалауға, наста МТС-тің немесе ұмысындағы кемшілікті е болмауын қадағалау-

Егер Образцовый МТС- ардай жер колхоздармен і бұза отырып өңделген ште көрсетілмесе, бұл н. МТС директоры Гри-

Қазақ ССР Жоғарғы Советі сессиясының құрметіне

Жүзеге асырылған бастама

Петропавлдың теміржолшылары март айының алғашқы екі аптасында жоспар- дан тыс 100 мың тоннаға жуық халық шаруашылығы жүктерін тасыды. Бұдан бірнеше ай бұрын мұндай табысқа жету үшін қосымша бірқатар локомотивтерді іске қосу қажет болатын. Ал, кәзір жағ- дай мүлдем басқаша.

Мұндай табыс—жол бөлімшесінде тех- никалық жабықталудың бұрынғы жағ- дайында жүк тасу қабілетін арттырудың комплексті әдісін қолдана білудің нәти- жесі. Бұл —Петропавлдық диспетчер Георгий Родиннің бастамасы бойынша жүзеге асырылып отырған игілікті іс.

Әресе, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің сессиясы құрметіндегі социалистік жарыс күндерінде бөлімшеде жол жүру жұмыс- тарына байланысты учасоктердің коман- дирлері тек қана паровоздардың пайда- лану қуатын арттырумен тынған жоқ. Жүк тасуды арттыру күресіне бүкіл диспетчерлік сменалар қатысады. Стан- циядан толық составты және нормадағы-

дан едәуір артық жүк тиелген поездар жөнелтіледі. Жүк тиеу, поездарды жө- нету, составтардың өңделуі сыяқты ма- нызды істерде ешбір кемшіліктерге жол берілмейді.

Бөлімшеде жаңа әдіс бойынша жұмыс істеудің экономикалық пайдалылығы өте күшті. Кәзір, күн сайын бұрын қолда бар локомотивтермен жоспардан тыс 4—5 мың тонна жүк тасылады. Поездар- дың жол жүру графигі үнемі 100 про- цент орындалады. Ал, өндіріске Родин- нің әдісі енгізілгенше жол жүру графигі көбіне 60—65 процент қана орындала- тын.

Әрбір күн сайын шығарылып отыры- латын жұмыс қорытындысы бөлімшенің жүк тасу мүмкіншілігі март айында жоспардағыдан 140—150 мың тоннаға дейін артқандығын көрсетеді. Бөлімше коллективі өздерінің еңбекті ұйымдасты- рудағы мұндай табысын Қазақ ССР Жо- гарғы Советінің сессиясына арнап отыр.

Н. УӘЛИЕВ.

Жоспар орындалды

Мал шаруашылығы өнімін молайта берейік!

Нысанам—3 мың литр

Мамлют асыл тұқымды мал совхозы- ның сауыншысы М. Слезенкова бір жыл ішінде әрбір сауын сыйырдан 4-4,5 мың литр сүт алды деген хабарға біз таң қалдық. Бұл жөнінде әр қайсымыз әр- түрлі пікірде болдық. Көпшілігіміз — сыйырдан сүтті көп саууға Слезенковаға айырықша жағдай туғызылған, оған те- нелуге біздің мүмкіншілігіміз жоқ, дедік.

Мұндай ұйғарындының дұрыс емес екен дігіне менің көзім кейін, өз тәжірибем арқылы ғана жетті. Соңғы екі-үш жыл мен үшін табыс жылы болды. 1949 жы- лы қарамағымдағы әрбір сауын сыйыр- дан орта есеппен 2 мың литр, бұрнағы жылы 2220 литр сүт саусам, өткен жы- лы бұдан да асып түсіп, әрбір сауын сыйырдан 2558 литрден сүт алдым да, социалистік жарыста алған көтеріңкі міндеттемемді аброймен орындап шық- тым. Осымен қабат, бұл жылдары әрбір сыйырдан бір-бір бұзау алып, оларды шығынсыз өсірдім.

Бұл табысқа қалай жеттім? Жоғарыда ғыдай, ерекше бір жағдай арқылы не болдым ба? Жоқ, олай емес. Сыйырдан сүтті көп сауудың тетігі «ерекше бір жағдайда» емес, сыйырды дұрыс бағып, жақсы күтімде ұстауда екен. Күтімін жақсартсаң, әрбір сыйырдан сүтті мей- лінше көп саууға болады. Бұл үшін өз жұмысында ұнатып істеп, өнімді еңбек

йырларды күтуге тікелей өзім араласы- оларды мезгілінде азықтандырып, суар отырамын. Біз кәзір сыйырларға құна- лы жемшөп беріп жүрміз. Осының нә- жесінде олардың әрқайсысынан сүтті алып келеміз. Әрбір сыйырды жеке-же- күтіп бағамын.

Көктемгі- жазғы маусымда сыйыр- жайылымда бағылады. Көктемнің алға- ғы күндерінде малдың оты еркін қанба- ды. Сондықтан жемнен тарықтырма- үшін және сыйырдан алынатын сүт- мөлшерін кемітпеу үшін мұндай күй- кезеңде сауын сыйырларды қолдан қ- азықтандырамын. Сөйтіп, одан сүт- көп сауылуын қамтамасыз етемін. А- жаз әбден шығып, малды жайып ба- жапшай басталған кезде сыйырларды с- жайлымға барып сауамын. Бұл сыйы- дың үздіксіз оттап, сүтті мейлінше к- беруіне қосымша жағдай туғызады.

Менің сыйырдан сүтті көп алуымның ендігі бір сыры—сыйырлар түнде де бағ- лады. Тәулік бойына оттаған сыйыр- сүтті әлде қайда көп береді. Атап ай- керек, бұл әдіс біздің ауданның мал фе- даларының көпшілігінде әлі күнге дей- қолданылмай келеді. Сондықтан да ауд- ойынша сыйырдан сүт мейлінше а- лынып жүр. Егер барлық колхоздар жазғы маусымда сауын сыйырларды тү- де де бағып жаю ұйымдастырылса, сол с-

Алайда, өткен жылы кейбір МТС-тердің және олардың басшыларының колхоздармен жасасқан үлгілі шарт дәрежесінде бола алмағандығын, ондай МТС-терде белгілі бір ауылшаруашылық жұмыстарының жоспарлары толық және мерзімінде орындалмағандығын мойындауымыз керек. Мұның ақыры, МТС-тердің көпшілігінде машиналарды пайдалану ісінде мезсіздікке жол берілуіне әкеліп соқты. Әсіресе, мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру барысы көңілдегідей болмады. Осының салдарынан Калинин, Булаев, Торангүл және Совет МТС-терінде мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде мардымды ештеңе істелген жоқ. Совет МТС-де алынған міндеттеме де, мемлекеттік тапсырма да орындалмады, бірақ, жанар майды ұқыпсыз, қалай болса солай жұмсауға жол берілуі, механизаторлар арасында еңбек тәртібінің күшейтілмеуі салдарынан ондаған мың сом мемлекет қаржысы мөлшердегіден анағұрлым артық жұмсалып кетті.

Айта кету керек, кейбір ауылшаруашылық артельдерінің басқармалары,

трактор бригадаларын нығайтуға, әрбір трактордың тракторшылармен толықтырылуына, трактор бригадаларын техникалық жағынан қамту ісін жақсартуға байланысты екендігін ескере отырып, көзір, көктемгі дала жұмыстары басталуға санаулы ғана күндер қалып отырғанда бұл мәселемен мықтап шұғылданған жөн.

МТС қызметкерлерінің мәдени-тұрмыс жағдайларын жақсартуға, механизаторлар арасында социалистік жарысты және үгіт-көпшілік жұмыстарын кеңінен өрістетуге осы бастан қам жасалатын болсын. Жергілікті партия және совет ұйымдары бұл мәселелер жөнінде МТС және колхоз басшыларына нақтылы көмек көрсетуге тиіс.

МТС-тердің колхоздармен жасасқан шарттары—заң, ол МТС-тердің жұмысын барлық жағынан жақсартуды және ауыл шаруашылық артельдерін ұйымдық-шаруашылық жағынан барған сайын нығайта беруді қамтамасыз етеді. Сондықтан да колхоздармен жасасқан шартта алынған міндеттемелерді мерзімінде, жұмыстың түр-түрі бойынша сапалы орындау—МТС қызметкерлерінің абрыйлы ісі.

—00—

Орта Азия халықтарының ежелгі мәдениет ескерткіштерінің ашылуы

ССРО ғылым Академиясы материалдық мәдениет институтында Оңтүстік Түркістан комплексті археологиялық экспедициясы тапқан материалдар зерттелуде. Археологтардың Мары облысынан тапқан қолдан жасаған жер суару жүйелері ерекше көңіл аударарды. Бұл жер суару жүйелері өте ерте заманда салынған. Мұрғаб ауданының жерінде Парфия ауылдарының қиыраған орындарынан табылған көптеген мыс ақшалар біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында бұл арада өркендеген ақша саудасының болғандығын көрсетеді. Ескі Ниса қаласы-

ның орнынан табылған ұсақ күміс скульптуралар, піл сүйегінен қашалған әртүрлі тұлғалар, парфия жазуы ойылған ондаған мөрлердің таңбалары және біздің заманымызға дейінгі II ғасырдағы 130-ға жуық парфия документтері аса назар аударарлық.

Оңтүстік Түркістанда архитектураның бірсыпыра жаңа ескерткіштері ашылды, бұлар жергілікті сәулетшіліктің өзіндік ерекшелік белгілерін айқын көрсетеді.

Экспедиция жұмыстың жаңа кезеңдеріне кірісуге әзірленуде.

(СОТА).

ЦИМЛЯНСК СУ ТОРАБЫ ҚҰРЫЛЫС ШЫЛАРЫНЫҢ МАЙ МЕРЕКЕСІ АЛДЫНДАҒЫ ВАХТАСЫ

ЦИМЛЯНСК, 22 март. (СОТА). Цимлянск су торабының құрылысшылары бұл қысқы мерекені — I Майға лайықты сыйлық әзірлеуде. Жақында ғана бетон

жасайтын темір жол төселіп жатқан су плотинасының орта бөлегіне бетон құю көзінді өзінде аяқталып келеді.

Лайықты тарту

«9 май» кәсіпшілік артелинің мүшесі бұл күндері зор патриоттық өрлеу үстінде жұмыс істеуде. Олар сессия құрметіндегі стахановтық вахтаны абрыймен алға апаруда. Әсіресе, соңғы кезде артель мүшелерінің еңбектегі қарқыны еселеніп арта түсті. Март айының басынан бері орта есеппен алғанда әрбір күнгі тапсырма 107,8 проценттен орындалды. Бұл —кәсіпорны бойынша түгел-

дей есептегендегі жалпы қорытынды. Ал, бір үлгідегі көптеп шығарылатын киімдерді тігу цехының коллективті өздерінің өндірістік тапсырмаларын смена сайын 135 проценттен кем орындап көрген емес.

Міне, бұл —коллективтің сессияға арнаған лайықты тартуы.

А. КИСЛИЦЫНА.

Мал қысы жатқан қол атындағы в масында да дың қорасы Әрбір мал сыз және өнім мөлшері социалистік арқасында



МТС механиктерінің семинары

КӨКШЕТАУ, (ҚазТАГ). Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жанындағы МТС механиктерінің семинары өзінің жұмысын аяқтады. Бұл семинар колхоз фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру мәселесіне арналған. Семинарда электр механизмдерін, автосуаттарды, жемшөп әзірлейтін машиналарды, тағы басқа агрегаттарды монтаждау мәселелері үйретілді.

Семинарға қатысушылар жұмыс тәжірибелері жөнінде пікір алысты.

МЕХАНИЗАТОРЛАР ҚОСЫМША МАМАНДЫҚТЫ МЕНГЕРУДЕ

ҚЫЗЫЛОРДА, (ҚазТАГ). Сулытөбе МТС-нің механизаторы Молдағали Ордабаев өзінің «ДТ—54» тракторымен кеше Сырдария ауданының Жамбыл атындағы колхозының егін даласына шықты. Техниканы өнімді пайдалану жолындағы жарысқа қосылып, Ордабаев трактордың шағын жөндеу жұмыстарының барлығын өзі атқаруға міндеттенді. Ал қыста слесарьлық және мысшы мамандығын меңгерді. Ордабаев енді механик болуға әзірленуде.

Иван Шацкийдің үлгісі

ЖАМБЫЛ, (ҚазТАГ). Жамбыл МТС-індегі Петр Макагонов пен Федор Ероменконың трактор бригадалары Жамбыл ауданының іріленген «Ақкөл» колхозының егін даласында дәнді дақыл мен қызылша егуді аяқтап келеді. Жарыста «СТЗ—НАТИ» тракторының тракторшысы комсомолец Ысқақ Ақмұрзаев бірінші орынға ие болды. Кубандық Социалистік Еңбек Ері Иван Шацкийдің үлгісі бойынша ол техника күшін сарқа пайдалану үшін, шығындардың барлық түрлерін азайту үшін күресуде. Ол қызылша егуде

әрбір смена келеді. Ақмұрзаев құралда тракторды с тракторшыла Комқаров аса Олар көктем килограмға Иван Шацкий Шу, Қазақстан механизаторлар қызу қостады

Қар суын жыйнау

ТАЛДЫҚОРҒАН, (ҚазТАГ). Алакөл ауданының колхоздары жайылым мен шабындықты жайып суарудың жоспарын орындады. Су жаю әлі де жүргізілуде. Облыстың 4 ауданының колхоздары жерді жоспардан тыс жайып суаруда. Ақсу ауданының ауылшаруашылық артельдері шабындықтар мен жайылымдарды жайып суару үшін уақытша бөгеттерді пайдаланумен бірге, жер суару жүйелерін де пайдаланып келеді. Олар тапсырмада белгіленгеннен екі есе артық жерді суарды. Облыста 40 мың гектарға жуық шабындықтар және жайылымдықтар суарылды.

ЕСІК, (Алматы облысы), (ҚазТАГ). Еңбекшіқазақ ауданының колхоздары

шабындықтар суару жоспарын орындады. Ауылшаруашылық ауданының суару жоспары Шидов атында бұл жұмыс жүргізілді. Артель су бөгетін салу машина-мелиораторлар туде. Су бөгеті қамтамасыз етілді. Аманкелді колхоздары қ

30 ЖЫЛДЫҒЫ

мүмкіндік коммунист партиялары большевиктік партияның тәжірибесін пайдалана отырып, нақтылы тарихи жағдайда социалистік экономиканың капиталистік экономиканы жеңуі және социализмнің жеңуі жолындағы күреске басшылық етуде.

РК(б)П XI съезі партияның Орталық Комитетінің ұйымдастыру есебін тыңдады. Бұл мәселе бойынша баяндама жасаған В. М. Молотов жолдас Орталық Комитеттің ұйымдастыру жұмысы партия қатарының нығаюын, жер-жердегі партия ұйымдары жұмысының жақсаруын қамтамасыз еткенін көрсетті.

Орталық Комитеттің баяндамасы бойынша съезд қабылдаған қарарда былай делінді: «Съезд партия қажет деп таныған жеке меншікті шаруашылық капитализмге жеңілдіктер жасау соңғы жылы жүргізілген және белгіленген барлық шаралармен аяқталатынын анықтайды, бұл мағынада шегінуді аяқталды деп таныды және партия қабылдаған саясатты практикада толық жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатымен, партия күштерін қайта топтастыруды кезектегі міндет деп есептейді».

РК(б)П XI съезі партия қатарын тазалаудың қорытындысын шығарды. Бұл мәселе бойынша Шкирятов жолдас баяндама жасады. Съезд бүкіл ұйымдастыру — партиялық жұмыстың жолға қойылуын жақсартуға, өндірістегі партия ұйымдарын нығайтуға, деревняда партияның ықпалын күшейтуге көп көңіл бөлді. Партияның партияда жоқ еңбекшілер бұқарасымен байланысын нығайту үшін, съездің «Жаңа экономикалық саясат жағдайында кәсіподақтардың ролі және міндеттері» туралы қарарының зор маңызы бар. Съезд, жалпы алғанда коммунизмнің мектебі болып отырған кәсіподақтар, оның ішінде социалистік өнеркәсіпті басқару мектебі болуға тиіс екенін көрсетті. Кәсіподақтар жұмысшыларды және барлық еңбекшілерді социалистік құрылысқа белсене қатыс-

Мәдени-ағарту қызметкерлері есеп беруде

Екі жылдан бері мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері өздерінің істеген жұмысы жөнінде жалпы жыйналыстарда еңбекшілер алдында есеп беруде. Бұл мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсартуға зор әсерін тигізуде.

Есеп беру жыйналыстарына клубтың немесе кітапхананың жұмысын талқылауға колхозшылар, село интеллигенттері, МТС-тер мен совхоздардың қызметшілері және жұмысшылары белсене қатысып, клубтар мен кітапханалардың қызметкерлері, кейбір мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына атүсті қарайтын селолық Совет басшыларын қатты сынға алуда.

Өткен жылы Қарағанды совхозы кітапханасының есеп беру жыйналысында жұмысшылар комитеті мен совхоз басшылары кітапханаға жете көңіл бөлмей келгендігі үшін қатты сынға ұшыраған болатын. Селолық кітапхананың арнаулы үйі жоқ еді, кітап оқушылар өте аз болды, бұқаралық жұмыстарды жүргізуге жағдай жақсармады. Жұмысшылар комитеті мен совхоз басшылары бұл сыннан тиісті қорытынды шығарып, бұл кемшіліктерді жойды, кітапхана үшін жана үй салып, кітап қорын толықтырды.

Приешім аудандық мәдениет үйінің жұмысы да айтарлықтай жақсартылды. Мәдениет үйі жанында жоспар бойынша драма, хор, музыка, физкультура және би үйірмелері жұмыс істейді. Олар селодағы көркемөнершілер үйірмелеріне де көмек көрсетіп отырады. Мәдениет үйі қызметкерлерінің инициативасы бойынша физкультурашылар үйірмесі мүшелерінің қатысуымен каток жабдықталып, ол электрлендірілді. Мәдениет үйінде үнемі жоспар бойынша аудандық лекторийлердің мүшелері лекциялар оқып тұрады.

Үстіміздегі жылы 122 мәдени-ағарту мекемесі еңбекшілер алдында есеп берді. Бұл жыйналыстарда ауыл-село еңбекшілері, жастармен интеллигенттер мәдени-

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 24 март. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық Армиясының Бас Командованиесі бүгін барлық майдандарда халық армиясы құрамаларының қытайлық халық ерік-тілері бөлімдерімен тығыз бірлесе отырып, американо-ағылшын басқыншыларына және лисынмандық әскерлерге қарсы қор-

ғаныс ұрыстарын оған әрі жүргізгендігін хабарлады.

Бүгін біздің әскерлердің зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атушы отрядтар жаудың Вонсан және Нампхо аудандарына шабуыл жасаған 5 самолетін атып түсірді.

СИЦИЛИЯ ШАХТЕРЛЕРІ ЕРЕУІЛІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

РИМ, 24 март. (СОТА). Бүгін түнде Палермода кәсіподақтары өкілдері мен жұмыс берушілердің арасында Сицилия облыстық үкметі председателінің қатысуымен болған көп күнге созылған келіссөздерден кейін Сицилияның күкірт шахталарының кенші жұмысшыларының жалпақсыз арттыру туралы талаптарды аз-

дап қанағаттандыру жөнінде келісімге жетісілді.

Келісімнің жайы әлі толық мәлім емес, бірақ, ол Сицилияның 10 мың шахтерлерінің 60 күндік батырлық ереуілін аяқтады. Шахталарда жұмыс 25 мартта таңертеңнен басталады.

ТУНИСТЕГІ ЖАҒДАЙ ЖАЙЫНДА

ПАРИЖ, 24 март. (СОТА). «Юманите» газетінің хабарына қарағанда, кеше Тунис қаласында елге ұлттық тәуелсіздікті беруді талап еткен тунистіктердің демонстрациясы болған. Демонстранттар француз

өкмет орындары Ремада қамалына жіберген ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының портреттерін көтеріп жүрді және патриоттық өлеңдер айтты.

БАТЫС ГЕРМАНИЯНЫ РЕМИЛИТАРЛАНДЫРУҒА ҚАРСЫ ЛОНДОНДАҒЫ ДЕМОНСТРАЦИЯ

ЛОНДОН, 24 март. (СОТА). «Бұрынғы әскери қызметкерлер—бейбітшілікті жақтаушылардың қозғалысы» кеше күндіз Лондонда Батыс Германияны ремилитарландыруға қарсы демонстрация ұйымдастырды. Демонстранттар «Біздің тұрмыс дәрежемізді төмендетудің орнына нацистерге зенбіректер аз берілісін!», «Парламенттегі өз депутаттарына: нацистерге

ешбір зенбірек берілмесін, деп айтыңдар!» деген ұрандар жазылған плакаттар алып жүрді.

Митингіде бірауыздан қарар қабылданды, онда «Бұрынғы әскери қызметкерлер—бейбітшілікті жақтаушылар қозғалысы» батыс герман соғысқұмарларын қаруландыруға қарсы күресті күшейтуге міндеттенді.

АМЕРИКАН АГРЕССОРЛАРЫНЫҢ АЮАНДЫҒЫНА ҚАРСЫ

БЕРЛИН, 24 март. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының халқы Кореяда бактериологиялық қаруды қолданған американо-агрессорларының жаңа жантүршігерлік қылмыстарына қарсы ызамен наразылық білдіруде.

Берлиннің электр шама заводының әйелдері Жапония мен АҚШ-тың әйелдеріне және аналарына үндеу жіберді, онда

соғыстың бактериологиялық құралдарын шығаруға және қолдануға дереу тыйым салуды талап етуге және ерлерді осындай талаппен батыл күреске шығуға шақырды.

Лейбниц кәсіпорнының коллективі американдық аюандардың аюандық істеріне қарсы батыл наразылық мәлімдеді.

ЕГИПЕТ ПАРЛАМЕНТИНІҢ ТАРАТЫЛУЫ

БЕИРУТ, 24 март. (СОТА). Дамаск және Кипр радиосының хабарына қарағанда, Египет королі Фарук 24 марттан бастап Египет парламентін тарату туралы

сайлау 18 майға тағайындалған. Король декретінің Египет сенатына қатысы жоқ өйткені, конституция бойынша корольдің

(В. И. Ленин. Шығармалар, 33-том, 243-бет) дәрежеде шапшаң алға басу басталатынын данышпандықпен болжап айтты.

Екінші сабақ: Жаңа экономикалық саясатты жүргізу социалистік элементтер мен капиталистік элементтер арасындағы іс жүзіндегі жарыс туралы мәселені мейлінше қажет деп тапты. В. И. Ленин бұл жарыс кескілескен тап күресі жағдайында жүргізілетінін, бұл жарыс социализм мен капитализм арасындағы өліспей бітіспейтін күрес болатынын көрсетті.

Бұл лениндік қағиданы дамыта келіп, Сталин жолдас жаңа экономикалық саясаттың мәнісіне мінсіз анықтама берді.

«НЭП дегеніміз пролетарлық мемлекеттің айрықша саясаты, билеу тізгіндерін пролетарлық мемлекет қолында ұстай отырып, капитализмге жол беруді көздейтін, капиталистік элементтер мен социалистік элементтердің күресін көздейтін, капиталистік элементтердің есебінен социалистік элементтер ролінің күшеюін көздейтін социалистік элементтердің капиталистік элементтерді жеңіп шығуын көздейтін, таптардың жойылуын, социалистік экономиканың іргесін қалауды көздейтін саясаты» (И. В. Сталин, Шығармалар, 7 том, қазақшасы, 391-бет).

Ақырында үшінші сабақ — жұмысшы табы өкмет басында тұрған қоғамда мемлекеттік капитализмнің орны және маңызы туралы қорытынды.

В. И. Ленин капиталистік құрылыс тұсындағы және жұмысшы табының диктатурасы тұсындағы мемлекеттік капитализмнің мәніндегі терең принциптік айырмашылықты ашып көрсетіп, бұл айырмашылықты көрмеген және жаңа экономикалық саясатты жаппай шегінгендік деп есептеген Бухаринді, троцкиштерді, зинovieвшілдерді және партияның басқа жауларын әшкереледі. Владимир Ильич пролетариат диктатурасының болуы, саяси және экономикалық тұтқалардың жұмысшы табы қолында болуы мемлекеттік капитализмді жұмысшы табы қажет деп

түге, партияның бірлігін бұзуға тырысты. Владимир Ильич партияны үрейленушілер мен капитулянттарды қатаң жазалауға және партия қатарының бірлігін нығайта беруге шақырды.

Владимир Ильич өзінің сенімді серігі — Сталин жолдастың мемлекеттік қызметіне зор баға берді. Партияның ұлт саясатының аса қиын мәселелерін шешудегі Сталин жолдастың ерекше ролін айта келіп, Ленин қандай да болса ұлттың өкілі тек Сталинге ғана келіп, өздерінің мұқтажын айта білетінін көрсетті. Жұмысшы шаруа инспекциясында да, деді Владимир Ильич, істің орындалуын тексеруді дұрыс жолға қойып, бұл аса маңызды мәселелерді әртүрлі дау-бәсеке-лерге жол бермеу Сталиннің ғана қолынан келеді.

В. И. Лениннің РК(б)П XI съезіндегі баяндамасы мен қорытынды сөзі большевиктік партияны және совет халқын жаңа экономикалық саясат негізінде социалистік экономика құрудың нақтылы программасымен қаруландырды. Лениндік баяндама барлық елдердің коммунист партияларының теориялық қазынасынан пролетарлық партияның капитализмнен социализмге өту дәуіріндегі міндеттерін данышпандықпен дәлелдегендік болып орын алады.

Ленин мен Сталиннің, социализм негізін қалау саясаты ретіндегі, жаңа экономикалық саясат туралы нұсқауларын басшылыққа ала отырып, совет халқы большевиктік партияның басшылығымен елімізді индустрияландырудың және ауыл шаруашылығын коллективтендірудің данышпандық сталиндік жоспарын жүзеге асырды, социалистік қоғам құрды, енді социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтуді ойдағыдай жүзеге асыруда.

Халықтық демократия елдерінде социализм құрылысының ойдағыдай жүзеге асырылуы жаңа экономикалық саясаттың орасан зор бүкіл дүние жүзілік — тарихи маңызын дәлелдейді. Бұл елдердің

сатының дұрыстығын дәлелдеді, сайып келгенде елімізде социализмнің жеңуін қамтамасыз еткен күрес программасына белгілеп берді.

Партияның XI съезінде сайланған Орталық Комитеттің бірінші пленумында ақ В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, оның сенімді серігі және шәкірті Иосиф Виссарионович Сталин партияның Орталық Комитетінің бас секретары болып сайланды. Сталиннің бұл сайлануы Лениннің, Орталық Комитеттің және бүкіл партияның Сталин жолдасқа деген орасан зор сүйіспеншілігінің және сенімінің белгісі болды. «Сонан бері Сталин жолдас үнемі осы қызметте болып келеді.

Сталин жолдастың басшылығымен большевиктік партия және совет халқы Лениннің қайтыс болуынан кейінгі жылдарда даңқты күрес және жеңіс жолдарын өтті.

Сталин жолдас Лениннің даңқты туын жоғары көтеріп, большевиктік партияны Лениннің жолымен батыл алға бастады. Социализм ісіне опасыздық еткен жауларға қарсы бітіспес күресте Сталин жолдастың төңірегіне партиямыздың басшылық ұйытқысы, Лениннің жеңімпаз туын сақтап қалған, коммунист партиясын топтастырған және совет халқын социализм құрылысының даңғыл жолына шығарған ұйытқы қалыптасты. Сталин жолдас бастаған партиямыздың басшылығымен Совет Одағы қуатты индустриалы — колхозды мемлекетке, жеңген социализм еліне айналды. Сталин жолдастың данышпандығы Совет Одағының фашистік Германияны және империалистік Жапонияны талқандап, бүкіл дүние жүзілік тарихи жеңіске жетуін қамтамасыз етті.

Марксизм-ленинизмді творчестволықпен дамыта отырып, маркстік ғылымды коммунизм орнату жолдары туралы данышпандық іліммен байыта отырып, И. В. Сталин партиямызды, халқымызды коммунизмнің салтанатына бастауда.

В. ПЕНТКОВСКАЯ.

қатысуға әзірленіп жатыр.

* * *

Оқытушылар Үйінде қала мектептерінің бастауыш кластарында ән салу пәні бойынша сабақ беру сапасын жақсарту мақсатында мектепте айтылатын өлеңдерді және бұл пәнге сабақ беру әдісін үйрену жөнінде оқытушылар үшін аптасына бір рет өткізілетін семинарлар ұйымдас-тырылды.

Жуырда оқытушылар «Жас ленинші-лер», «Тайга туралы жыр», «Пионерлер бейбітшілік үшін» атты және басқа да жаңа өлеңдерді үйрене бастады.

1.000 гектар шабындық суландырылмақ

Торанғұл совхозының қызметкерлері мал үшін берік жемшөп қорын жасау жөнінде бағалы инициатива жасады.

Совхоз жерінде үлкен Торанғұл көлі бар, одан шыққан жергілікті өзеннің суы көктемде артып, ал, жазды күні мүлде құрғап кетеді.

Совхоз коллективі өзен суын пайдаға асыруды, онымен өзенге жақын шабындық жерлерді суландыруды ұйғарды, ол үшін олар жерден қуатты плотина салып, өзенді бөгеді.

Көктемде осы гидротехникалық құрылыстың нәтижесінде 1 мың гектар шабындық жер суландырылмақ.

Мерзімінен 10 ай бұрын

Даңқты мереке — 1 Майды лайықты қарсы алуға әзірлене отырып, Смирнов поселкесінің көптеген тұрғындары сүт тапсыру жөнінде мемлекетпен есең айырысуға кірісті. З. Даценко, А. Егоров, И. Дрогайцев, С. Молчанов жолдастар жаңа жылдың алғашқы екі айы ішінде сүт тапсыру жөніндегі міндеттемелерін толық орындап, мерзімінен 10 ай бұрын мемлекетпен толық есеп айырысты. Олардың әрқайсысы дайындау пунктіне 110 литрден сүт тапсырды.

Серия №	Облағация №	Ұтыс мөл-шері сом есебімен
020066	22*)	1.000
020102	47*)	1.000
020111	42*)	1.000
020201	15*)	1.000
020257	24*)	1.000
020275	03*)	5.000
020277	1—50	500
020407	1—50	200
020441	36*)	1.000
020483	21*)	1.000
020673	1—50	200
020730	1—50	500
020769	39*)	5.000
021133	48*)	1.000
021161	1—50	200
021301	1—50	200
021331	1—50	500
021368	39*)	1.000
021478	19*)	5.000
021683	06*)	25.000
021822	45*)	1.000
021832	20*)	1.000
021986	1—50	200
022222	1—50	200
022298	15*)	1000
022334	09*)	1.000
022464	1—50	200
022520	21*)	1.000
022958	25*)	1.000
023178	31*)	1.000
023185	46*)	1.000
023214	1—50	200
023245	1—50	200
023412	43*)	1.000
023559	23*)	1.000
023683	38*)	1.000
023709	10*)	1.000
023721	1—50	200
023827	1—50	500
023891	1—50	500
024169	21*)	1.000
024171	1—50	500
024275	1—50	200
024379	03*)	1.000

*) Осы сериядағы

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакторы партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс е